



*Қазақстандағы діни
экстремизм және терроризм*

**Адам мен мінсіз жаратушының
(Алланың) табиғи байланысы туралы
сана.**

**Адамзат тарихы мен
мәдениетінің ажырамас
бөлігі.**

Дін

**Қоғамның рухани өмірінің маңызды саласы.
Ол құдай мен адамның байланысы арқылы
Адамзат өмірінің мәніне айналған сана формасы.**

Экстремизм термині

- *Экстремизм термині сөзбе-сөз (лат. ехiгетшi- шеткi) шектен тыс көзқарастар мен әрекеттерді ұстану, қоғамдағы тәртіп пен нормаларды жоққа шығару ретінде анықталады. Экстремизм бұл әруақытта әр қалай көрініс беретін өте күрделі құбылыс. Оған анықтама беруде эксперттік ортада әртүрлі түсінік бар. Оны екі топқа бөлуге болады: бірінші топ экстремизмді бір сөзбен негативті және әлеуметтік қауіпті құбылыс деп бағалайды. Бұл бағытты ұстанушыларды «консерваторлар» деп белгілеуге болады. «Консерваторлар» бағытындағылар негізінен ғылыми академиялық орта, сонымен қоса құқық қорғау органдарының қызметкерлері.*

Экстремизмнің пайда болу себебі

Экстремизмнің пайда болу себебі әр қоғамда әр түрлі болады және сол қоғамдағы объективтік және субъективтік жағдайға байланысты.

Әйтсе де экстремизмнің пайда болуы мен таралуының базистік жағдайы бар. Ол кез-келген қоғам мен мемлекетке тән. Қазіргі кезеңде экстремизмнің пайда болуының негізгі факторлары ретінде эксперттер мыналарды ұсынады: әлеуметтік экономикалық тоқырау; жергілікті тұрғындардың көп бөлігінің өмір сүру деңгейінің кұрт түсуі; мемлекеттік басқару жүйесі мен саяси институттардың деформациясы; олардың қоғамдық дамудың пісіп тұрған мәселелерін шешуге қабілеті жетпеу; саяси режимнің тоталитарлық сипат алуы; биліктегілердің оппозицияны басып тастауы; еркін, жаңаша ойлауды қуғындау; ұлттық қанау; жеке топтардың өз міндеттерін шешуін жседелдетуі; лидерлердің саяси амбициялары және т.б.

Діни экстремизм туралы

Діни экстремизм үшін «Харам мен халал» (арам мен адал), «өзіңе қалағаныңды басқаға да қала» деген қағидалар болмайды. Олардың басты қаруы қатігездік пен шапқыншылық. Сонымен қатар діни антқа байлап қойған адамдардың экстремистік қатардан шыға қоюы өте қиын.



Діни экстремизм мен терроризм
Бейресми дерек бойынша тәуелсіздік
алғаннан бергі уақытта 18 жыл ішінде
қазақ халқының 500 мыңға жуығы түрлі
секталар мен ағымдарға еніп кеткен.
Қазіргі таңда Қазақстанда исламның атын
жамылып, халықты түрлі бағыттарға
бөліп жүрген ағымдар мен қозғалыстар
кең қанат жаю үстінде. Атап айтқанда
Қазақстанды жайлап бара жатқан ислами
ағымдарға мыналар жатады:

Қазақстанды жайлап бара жатқан ислами ағымдарға мыналар жатады: 1. Уахабизм-ХҮІІІ ғасырда пай-да болған діни саяси сипаттағы ағым.Сауд Арабиясы-ның негізгі діні.Ол бойынша ер адам мін-детті түрде сақал қоюы, намаз оқуы тиіс, олай етпесе ол мұсылман емес. Әулие мен зиратқа зиярат етуге болмай-ды. 2. Исмаилиттер- Кезінде Имам Ғазали сияқты ірі ғалымдарды өлтірген, ислам әлеміне талай қасірет тартқызған, шиіттік бағыт. Ұйымды мұрагерлік жолмен АҒА ХАНДАР әулиеті басқарады.


Қазақстандағы ҚАЗАҚСТАНДЫҚ отансүйгіштікке кереғар діни ағымдар Бахаи сенімі өз бастауын 1844 жылдың 23 мамырынан алады. Осы күні "Баб" есімін алған жас парсы жігіті, Сейід Әли Мұхаммед өзіне Алладан аян түскенін жариялайды Ахмадия мәзһабтың негізін қалаушы 1835 жылы туылып, 1908 жылы қайтыс болған Мырза Ғулам Ахмад әл-Қадиани болып табылады. Ахмадие 1900 жылда Үндістанда отарлаған ағылшындардың жоспары бойынша отаршыларға қарсы ислам атымен көтеріліске шығармау, мұсылмандарды діннен алыстату мақсатында пайда болған діни әрекет, туындысы.

мамыр. Ақтөбе ҰҚК денартаменті ғимаратында жарылыс жасаған

Рахымжан Мақатов өзі өліп, 3 кісіні жаралады. 2011 жыл 24 мамыр. Астана ҰҚК абақтысы жанында көлік жарылды. Көліктен 2 адамның – Қазақстан мен Қырғызстан азаматтарының мәйіті табылды. 2011 жыл 30 маусым. Белгісіз адамдар Ақтөбе облысы Темір ауданы Шұбарши ауылында 2 полицейді атып кетті. 2011 жыл 2 шілде. Ақтөбе облысы Темір ауданы Шұбаршы ауылындағы атыста 1 арнайы жасақ сарбазы қайтыс болды, 3 полицей жараланды. 2011 жыл 11 шілде. Ақтөбе облысы Темір ауданы Кеңқияқ ауылындағы атыста 1 полицей және қарулы топтың 9 мүшесі қайтыс болды. 2011 жыл 26 шілде. Ақтөбе полицейлердің өліміне күдіктілерді ұстау кезінде атыс болып, 1 күдікті өлді, 3 адам ұсталды. 2011 жыл 29 шілде. Ақтөбе қаласы маңындағы Қызылжар ауылындағы арнайы операцияда 1 полицей және қарулы топқа қатысы бар деген 2 күдікті көз жұмды. 2011 жыл 31 қазан. Атырау қаласында екі рет жарылыс

2011 жыл 3 желтоқсан. Алматы облысы Іле ауданы Боралдай кентінде қарулы топқа қарсы арнайы операция барысында 7 адам (екеуі – ҰҚК арнайы жасағының қызметкерлері) қаза тапты. 2012 жыл 11 шілде. Алматы облысы Қарасай ауданы Таусамал ауылында "террористік әрекетке дайындалғандардың" (ресми анықтама) үйі өртеніп 9 адам қаза тапты. 2012 жыл 30 шілде. Алматы қаласындағы "Ақкент" шағын ауданында "қылмыстық топты ұстау кезінде" 6 адам мерт болды. 2012 жыл 16 тамыз. Алматы облысы Қарасай ауданы Үлкен Алматы ауылдық округінің "Таң" саяжай алабындағы арнайы операция кезінде үй өртеніп, оқиға болған жерден 13 адамның өртеніп кеткен мәйіті табылды. 2012 жыл 5 қыркүйек. Атырау қаласындағы жарылыстан 1 адам (сол іске күдікті Нұрлыбек Сақауов) қаза болды. 2012 жыл 12 қыркүйек. Атырау облысы Жылыой ауданы Құлсары қаласында полициямен атысқан 5 адам мерт болды. 2012 жыл 21 қыркүйек. Атырау қаласы маңындағы "Көктем"

Діни экстремизм мен терроризм
Әлеуметтік зерттеулер бойын-ша
Қазақстандағы діни бірлестіктердің саны
жылына орта есеппен 175-ке өсіп отыр-
ған. 2007 жылы еліміздегі жастардың 15
пайызы түрлі ағымдарға ерсе, 2009-2011
жылдары бұл көрсеткіш 60 пайызға
жеткен. Егер өңірлерге бөліп қарар болсақ
10 000 адамның 7,5 мыңы уаххабилер,
оның ішінде 75 пайызы 13-25 жас
аралығындағы жасөспірімдер мен жастар.



Соңғы ресми дерек бойынша
Қазақстандық жастардың 70 пайызға
жуығы басқа діни ағымдарға еніп кеткен.
500 мыңнан астам қазақстандық басқа
діни ағым мүшелеріне айналғын.

Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заң жобасына сәйкес, экстремистік мақсаттарды көздейтін қоғамдық бірлестіктерді құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Заңнамасында көзделмеген әскерилендірілген құрылымдарды құруға тиым салынса, «Экстремизмге қарсы күрес туралы» Заңымен Қазақстан Республикасының аумағында экстремистік бағыттағы ұйымдардың, бөлімдердің ашылуына және олардың қызметіне тиым салынған.

Еліміздің өскелең дүниетанымдық әлеуеті



Бейбітшілік пен конфессияаралық келісім салаларында Қазақстан аясында болсын, тіпті дүниежүзілік ауқымда болсын, қол жеткізген белгілі табыстарымызға қарамастан, әлі шешілмеген, жедел шешуді қажет ететін мәселелер баршылық. Әсіресе қазір дүние жүзіне діни төзімсіздік, діни экстремизм және терроризм шынайы қауіп төндіріп тұр. Оларды XXI ғасырдың анағұрлым өткір мәселелеріне жатқызуға болады. Конфессияаралық келісім мен диалогты жетілдірудің жаңа жолдарын іздеу қажет.



Экстремизмге қарсы күрестің бірден-бір жолы - олар туралы өз уақытында шынайы мәлімет беру. Бұл жерде әрине күнделікті ақпарат құралдарының рөлі өте жоғары. Әйтсе де, жас өспірім балалар үшін ақпарат құралдарының беретін мәліметі де жеткілікті емес. Сektалардың, экстремистік топтардың қаупі туралы жастарды көбірек хабардар етіп отыру қажет. Ол үшін барлық мектептерде «Дінтану» сабағымен қоса мамандар қауіпсіздік сабақтарын өткізіп, онда экстремистік топтарды, тоталитарлық секталарды қалай білуге болатынын түсіндіріп, олардан қалай сақтану жолын көрсетіп отырулары керек.

Еліміздегі діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жолдары



Бүгінгі таңда терроризм мен экстремизмнің алдын алу мақсатында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы бірқатар ірі жобаларды іске асырып, жан-жақты ауқымды істер атқаруда. Атап айтар болсақ ең әуелі кадр мәселесін қолға алу үшін медреселер ашып, жасөспірімдердің діни және дүнияуи білім алуын арттыруда. Сондай-ақ еліміздегі имамдардың білімі мен біліктілігін арттыру мақсатында республика аумағында семинарлар өткізуде. Бас мүфтидің бастамасымен еліміздің түкпір-түкпірінде әр түрлі конференциялар мен кездесулер ұйымдастырылуда. Алайда осындай істерді діни басқарманың ғана атқаруы жеткіліксіз. Сондықтан исі мұсылман баласы жаппай біріге атқарар болсақ, терроризм мен экстримизмнің алдын алуға болады.

Егер ислам атын жамылған діни ағымдарға қатысты айтар болсақ, биыл ғана қызметіне тыйым салынған «Табиғи Жамағат» ұйымын, сондай-ақ, салафизмнің түрлі тәпсірлеріне негізделген такфиризм, жиһадизм және мадхализм ағымдарын ерекше атап өтуге болады.



